Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде тауарлар, жұмыстар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, конкурс арқылы сатып алынды. Тәжірибе сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **сыртқы жарнаманы орналастыру бойынша қызмет көрсетулерді** мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Тікелей шарт жасасу сұраныстың жедел қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, өйткені ашық конкурс кезінде өнім берушілер арасындағы келіспеушіліктер келісімшарт жасасу мерзімін ұзартады. Процестің үздіксіздігі:Аталған қызметтер тұрақты негізде көрсетілуі қажет.

Бәсекелестік рәсімдер арқылы анықталған өнім берушілер тарапынан қызметтердің үзіліспен көрсетілу тәуекелдері бар. Осыған байланысты, нақты өнім берушімен тікелей шарт жасасу қызметтердің үздіксіздігін, уақтылы орындалуын және тиісті сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бәсекелестік рәсімдерді жүргізу сатып алу процесін қиындатады, ал ұсынылған сатып алу әдісі экономикалық тұрғыдан тиімдірек және ұйымның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету шеңберінде сатып алуды жүзеге асыруды жеңілдетеді.

Сатып алу тәсілін пайдалану нарықтың басқа қатысушыларының құқықтарын бұзбайды, өйткені ол белгіленген заңнамалық шектеулер шеңберінде жүзеге асырылады. Таңдалған сатып алу әдісінің ашықтығы мен экономикалық тиімділігі осы процедураның заңдылығы мен орындылығына кепілдік береді.

Бөлім басшысы **Г. Жугембаева**

Бөлім методисті **С. Кошкунбаев**